



**Балалар жылы**  
2022

# Еңбекшілер ЖАРШЫСЫ

# ВЕСТИ Еңбекшілерь я

14+

Аудандық газет

1935 жылдың шілде айынан бастап шығып келеді

• Бейсенбі, 12 мамыр 2022 жыл • № 37 (633) • Еркін бағамен сатылады



## Мемлекет басшысы

### Қасым-Жомарт Тоқаевтың үндеуі

**Құрметті отандастар!** Баршаңызға мәлім, мен биыл халыққа Жолдауымда саяси жаңғыру туралы ауқымды бағдарлама ұсындым. Бұл құжат қоғамда жан-жақты талқыланды. Сарапшылар қауымы және белсенді азаматтар осыған қатысты өз пікірін білдірді. Қалың көпшілік қолдау көрсетті. Жолдауда айтылған бастамалардың негізгі мақсаты – саяси жүйемізді түбірмен өзгерту. Бұл халықтың көп жылғы талап-тілегінен туындап отыр. Азаматтарымыз мемлекетті басқару ісіне қатысуға кең мүмкіндік берілгенін қалайды. Сондай-ақ саяси үдерісті түбегейлі демократияландыру қажет деп санайды. Мұны тиімді жүзеге асыру үшін Ата заңымызға өзгерістер енгізу қажет.

Бір сөзбен айтқанда, конституциялық реформа жасау керек. Осыған орай менің тапсырмаммен арнаулы жұмыс тобы құрылды. Оған белгілі құқықтанушы ғалымдар, тәжірибелі сарапшылар және құзырлы органдардың өкілдері кірді. Жұмыс тобы Негізгі заңға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың жобасын әзірледі. Оны мұқият зерделеп, Конституциялық кеңеске жолдадық. Бұл орган өз қорытындысын ұсынды. Құжат жобасы Ата заң нормаларына сай келеді. Біз конституциялық реформаның шешуші кезеңіне қадам бастық. Енді Негізгі заңды өзгертуіміз керек. Шын мәнінде, мұның ел тағдыры үшін айрықша мәні бар. Ата заң баптарының үштен бірі өзгереді. Ашығын айтсақ, Конституциямыз мүлде жаңа сипатқа ие болады. Сол себепті, мен республикалық референдум өткізу туралы бастама көтердім. Өйткені, мұндай ауқымды өзгеріс бүкіл халықтың шешімімен жүзеге асырылуға тиіс.

Барлық дамыған елде плебисцит тікелей халық билігінің айқын көрінісі саналады. Бірақ Қазақстанда демократияның бұл тиімді институтының әлеуеті толыққанды пайдаланылмай отыр.

27 жыл бұрын өткізілген референдумда қазіргі Ата заң қабылданды. Одан кейінгі барлық конституциялық реформа Парламентте мақұлданды. Негізінде, бұл заңды қалыптасқан тәжірибе. Бірақ дамудың жаңа кезеңінде, Жаңа Қазақстанды құру жолында еліміз үшін осындай аса маңызды шешімдерді бүкіл халық болып қабылдауымыз керек. Бұған кәміл сенемін. Сондықтан бүгін мен Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін 5 маусымда республикалық референдум өткізу туралы Жарлыққа қол қойдым. Конституциялық түзетулер жобасы бойынша азаматтардың жаппай дауыс беруі біздің демократиялық қағидаттарды берік ұстанатынымызды білдіреді.

Алдағы референдум Қазақстанның болашағын айқындайды. Әрбір азаматымыз дауыс беріп, осы тарихи бетбұрысты жасауға өз үлесін қоса алады.

Конституциялық реформа барлық мемлекеттік модельді кешенді түрде өзгертуге бағытталған. Түзетулер «суперпрезиденттік» басқару үлгісінен ықпалды Парламенті және есеп беретін Үкіметі бар президенттік республикаға түбегейлі көшуді көздейді.

Конституциялық реформа биліктің өкілді тармағын айтарлықтай күшейтеді. Үйлесімді және теңгерімді жүйені нығайтады. Мәслихаттардың ықпалын арттырады.

Мәжіліс пен облыстық мәслихаттардың депутаттарын сайлаудың аралас мажоритарлы-пропорционалды моделі енгізіледі. Бұл қадам сайлаушылардың көзқарастары мен пікірлерін барынша толық қамтуға мүмкіндік береді.

Аудандық және қалалық мәслихаттардың депутаттарын сайлаудың мажоритарлық жүйесінің толықтай енгізілуі өңірлердің тыныс-тіршілігіне азаматтардың ықпал ету мүмкіндігін арттыруға жол ашады.

Конституцияның жаңарған нұсқасында Президенттің барлық саяси күштер мен партиялардан дербестігін бекіту көзделген. Мемлекет басшысының жақын туыстарына саяси лауазым иеленуге және квазимемлекеттік секторда басшылық қызмет атқаруға тыйым салынады. Сондай-ақ құқық қорғау саласы бойынша маңызды өзгерістер енгізіледі. Атап айтсақ, Конституциялық сот құрылады. Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің, яғни омбудсменнің мәртебесі Ата заңмен айқындалады. Елімізде өлім жазасы мүлде жойылады. Мұның бәрі азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін жасалып жатыр. Алдағы конституциялық реформа ел дамуының жаңа кезеңі басталғанын көрсетеді.

**Құрметті отандастар!** Біз бәріміз бір ел болып Жаңа Қазақстанды, Әділетті Қазақстанды құрамыз. Әрбір азаматтың құқығы қорғалатын мемлекет боламыз. Бәріне бірдей мүмкіндік береміз. Өркім қарым-қабілетіне сай қоғамнан өз орнын иеленеді. Халықтың ой-санасы жаңғырып, өмір салты өзгереді. Біз мемлекеттік жүйені жетілдіріп, қоғам мен биліктің тиімді диалогын орнатамыз. Осылайша, Екінші Республиканы қалыптастырамыз. Конституциялық реформа мұның бәрін табысты жүзеге асыру үшін қажет.

Қазіргі реформаның ерекшелігі – Президенттің өкілеттігін күшейту емес, мемлекетімізді жетілдіру, жаңғырту және нығайту. Мен баршанызды елдің ертеңі, ұрпақтың келешегі үшін референдумға қатысуға шақырамын! Ұлт мүддесіне сай бастамаларды қолдайсыздар деп сенемін! Еліміздің жарқын болашағы – өз қолымызда! Күшіміз – бірлікте! Бірге болайық! Берекелі бірлігімізді нығайтайық!



## Берекелі айдағы қайырымдылық

**Адамдар үшін жолбасшы, тура мұстақим жолды түсіндіріп, жаман қылықтан сақтандырушы Құран Кәрім түсірілген қасиетті рамазан айы да аяқталып, мұсылман жұрты ынтыға күткен мейрамымыз – ораза айт та келіп жетті. Мұсылман әлемі отыз күн оразадан кейін Шәууал айының алғашқы үш күнінде Ораза айт мерекесін тойлайды. Айт сөзінің өзі «мереке», «мейрам» деген мағынаны білдіреді. Қасиетті Рамазан айынан келетін осы ұлық мерекені әлемдегі жалпы бүкіл мұсылмандар айрықша қуанышпен, зор ықыласпен атап өтеді. Өйткені Рамазан – береке мен бірлік, бейбітшілік, игілік, кешірім, мейірім және қайырымдылықтың айы болса, үш күн бойы аталып өтілетін Ораза айт адамдардың жан дүниесін, сана-сезімін, көңілін қуанышқа бөлейтін, кірбіңнен тазалайтын ұлық мереке болып саналады. Арада қанша ғасырлар өтсе де, бұл ұлық мейрамның мән-маңызы кемімей, керісінше, жыл өткен сайын артып келеді.**

Ораза айт мерекесінің негізгі шарты – мейрам айт намазын оқумен басталады. Айт намазы мешіттерде таңертең ерте жамағатпен оқылады. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) өз өсиетінде: «Айт күні бірінші орындайтынымыз – намаз оқу», - деген. Өр мұсылман айт намазына жуынып-шайынып, дәрет алып, ең әдемі әрі таза киімдерін киіп, үстіне хош иіс сеуіп барады. Сонымен қатар мешітке бармас бұрын бір-екі құрма жеп, дәм ауыз тиген абзал. Бұл – оразаның аяқталғанының белгісі.

Өткен жылы еліміздегі індетке байланысты Рамазан айт мерекесі аталып өтпеген болатын. Биыл аудандық «Әшім ата» мешітінде қасиетті ораза айт мерекесі жоғары деңгейде аталып өтті.

Міне айттың бірінші күні мешітке айт намазы оқылып, Бас имам Қобланды қажы Рүстемұлы жиналған қауымды құттықтады. Таңмен таласа құлшылыққа асыққан халықтың үлкені мен кішісі қатар тұрып сап түзеп, имамға ұйып, дұға-тілектерін айтты. Сонымен қатар осы күні айт мерекесіне арналған Пригорхоз ауылының ағаш бауырында түрлі шаралар өткізілетінін атап өтіп, халықтың оған ат салысуға үндеді.

Дайындалған жоспар бойынша «Ораза айт құтты болсын!» мерекелік шара бастау алды. Осы бір қасиетті мерекеге қала тұрғындары, ауылдан келген қонақтар көп жиналды. Мерекелік бағдарламаның басында әдейі шақырылған, мешіттің іргетасын қалаушы Сағидолла Әшімов ағамыз ортаға шығып, жиналған барша мұсылмандарды Ораза айтпен құттықтады. «Ораза айт – айлардың сұлтаны Рамазан айының жемісті нәтижесі іспетті сауабы мол мұбарак мереке, бір айлық құлшылығымыздың қуанышы. Алла елшісінің (с.ғ.с.) сахих хадистерінде тамақ жеу, сусын ішу, Алланы еске алу, қонақ күту, сырқат мұсылмандардың көңілін сурау мен жоқ-жітік, кембағалдарға садақа беру айт мейрамына тән екендігі айтылған. Сондықтан айт күндерін ізгі амалдарымызды кемітпестен мерекелік

көңіл-күймен, сауабы мол істермен өткізген абзал. Ораза айт – жанжалдасқан жандар татуласып, өзара кешірімге келіп, ағайындық байланысты нығайтуға жол ашатын мереке. Бұл күндері үзілген туыстық қатынасты қайта жалғап, жақын жұрағаттың үйлерін арнайы аралау ерекше маңызды. Мұсылман баласын қуанышқа бөлейтін бұл мейрам елімізге, жерімізге құт-береке мен ынтымағын, ырысы мен берекесін ала келсін деп тілейміз. Алла тағала баршамыздың ұстаған оразамыз бен жасаған құлшылық-ғибадаттарымызды және сауапты істерімізді қабыл етіп, келер жылғы Рамазан айына аман-есен жетуді нәсіп еткелі. Халқымыздың ынтымақ-бірлігін арттырып, ырыс-несібесін адалынан молайтқай!», - деп Бас имам Қобланды қажы Рүстемұлы ізгі тілегін ақтарды.

Дәстүрлі нақыштағы концертті Қазбек Қалиев, Дәулет Мұхтархан, Айгүл Боранбаева, Табиғат Үйсекбек, Алтынай Рамазанова, Жанарбек Секел сынды өнер өкілдерін көрермендер ықыласы жоғары бағалады.

Қазақтың киіз үйі тігіліп, дастархан жайылып, келген жамағат ұсынылған дәмнен ауыз тиді. Спорттық шаралар да ұйымдастырылып, бұқара көңілін көтерді. Атап айтқанда жамағат арасында қол күрес, арқан тарту, қазақша күрес, ат жарыс секілді ұлттық ойындар ойналды. Жөніппаздар арнайы алғысхатпен марапатталып, ақшалай сый-сияпатқа ие болды.

«Осылайша ораза айты өз деңгейінде жоспарлы түрде атқарылып, бауырмалдық пен кішіпейілділік, кешірімділік пен сүйіспеншілікке бөленген бұқара халық ынтымақтастығын арттырды. Түйіндеп айтқанда, айлардың сұлтаны Рамазан айында атқарылған шаруа да, тындырымды тірлік те, сүйсінерлік сауапты іс те молынан болды. Ендігі тек, берекелі айда ғана емес, қалған он бір айда да жақсылық жолында жарысып, қайырымдылық істерге үйір болайық.

Қуаныш НУРҚУШЕВА.



## Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың 2022 жылғы 5 маусымда республикалық референдум өткізу туралы жарлығы

Қазақстан Республикасы Конституцияның 91-бабының 1-тармағына және «Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 18-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

- 2022 жылғы 5 маусымда республикалық референдум өткізілсін.
- «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы «2022 жылғы 6 мамырда бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасында баяндалған Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтыруларды қабылдайсыз ба?» деген тұжырымдағы сауал қойылып, республикалық референдумға шығарылсын.
- Осы Жарлық және «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар

енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы 2022 жылғы 6 мамырда бұқаралық ақпарат құралдарында ресми түрде жариялансын.

4. Республикалық референдумды ұйымдастыру мен өткізу Референдумның орталық комиссиясының қызметін атқаратын Орталық сайлау комиссиясына, сондай-ақ референдумның аумақтық және учаскелік комиссияларының қызметін атқаратын аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларына жүктелсін.

5. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясымен, Қазақстан Республикасының басқа да орталық мемлекеттік органдарымен және жергілікті атқарушы органдарымен бірлесіп, республикалық референдумды ұйымдастыру мен өткізу жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

6. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.  
**Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2022 жылғы 5 мамыр № 888.**

# Референдум комиссиясы

**Аудандық аумақтық референдум комиссиясы**  
Орналасқан жері: Степняк қ., Біржан сал, 23, Біржан сал ауданы әкімі аппаратының ғимараты, тел. 8 (71639) 2-22-27  
Референдум комиссиясының құрамы: төрағасы – Жомартов Әміртай Өсербайұлы; төрағаның орынбасары – Ысқақова Гүлайым Абжанқызы; хатшы – Қайдаров Әділ Русланұлы; комиссия мүшелері: Бермағанбетова Зылқия Қантайқызы, Мұқанова Дина Мұхтарқызы, Низаева Фируза Закиевна, Овсянников Анатолий Леонидович.

**№ 246 референдум учаскесі**  
Орналасқан жері: Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Құдықаш ауылы, "Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімінің Құдықаш ауылының Рамазанов Елебаев атындағы жалпы білім беретін мектебі" КММ ғимараты Шәріпов көшесі, 20 құрылыс.  
тел: 8 (71639) 2-00-26

Учаскелік референдум комиссиясының құрамы: төрайымы - Қалиева Зейнегүл Боранбайқызы; төрағаның орынбасары - Нурмағанбетова Бақыт Зейнуллақызы; хатшысы - Сәдуақасова Райхан Дәулетханқызы; комиссия мүшелері: Құланова Гүлжан Рамазанқызы, Хамзин Ерлан Хамитұлы.

**№ 247 референдум учаскесі**  
Орналасқан жері: Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Заураловка ауылы, "Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімінің Заураловка ауылының негізгі орта мектебі" КММ ғимараты Болашақ көшесі, 19 құрылыс.  
тел: 8 (71639) 2-63-24

Учаскелік референдум комиссиясының құрамы: төрайымы - Хамзина Айгүл Төлегенқызы; төрағаның орынбасары - Кулаева Надежда Ивановна; хатшысы - Горст Надежда Валентиновна; комиссия мүшелері: Побиянская Галина Павловна, Порватова Вера Васильевна.

**№ 248 референдум учаскесі**  
Орналасқан жері: Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Яблонька ауылы, "Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімінің Яблонька ауылының негізгі орта мектебі" КММ ғимараты, Аталық көшесі, 13 құрылыс.  
тел: 8 (71639) 3-02-77

Учаскелік референдум комиссиясының құрамы: төрайымы - Стадольник Елена Сергеевна; төрағаның орынбасары - Баймулдина Гүлжан Нариманқызы; хатшысы - Клименко Татьяна Викентьевна; комиссия мүшелері: Копарейко Александр Владимирович, Молчанова Людмила Петровна.

**№ 249 референдум учаскесі**  
Орналасқан жері: Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Краснофлот ауылы, "Ақмола облысы білім басқармасы Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімінің Краснофлот ауылының негізгі орта мектебі" КММ ғимараты Мектеп көшесі, 26 құрылыс.  
тел: 8 (71639) 2-33-08

Учаскелік референдум комиссиясының құрамы: төрайымы - Тәшімова Гүлмира Серікболқызы; төрағаның орынбасары - Әлібай Дариға Сапарбекқызы; хатшысы - Өтегенова Анар Мұратқызы; комиссия мүшелері: Алпысова Қайша Әлімқызы, Шлюндт Дамеле Рахметтолайқызы.

**№ 250 референдум учаскесі**  
Орналасқан жері: Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Макинка ауылы, "Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімінің Макинка ауылының жалпы білім беретін мектебі" КММ ғимараты Валерий Чкалов көшесі, 65 ғимарат.  
тел: 8 (71639) 2-81-44

Учаскелік референдум комиссиясының құрамы: төрағасы - Езов Денис Александрович; төрағаның орынбасары - Қасымов Ерлан Серікұлы; хатшысы - Оразова Әсемгүл Қадыркенқызы; комиссия мүшелері: Қанжегаренова Құсникамал Алпысбайқызы, Саевская Наталья Васильевна, Ташмағамбетова Салтанат Ұланқызы, Чернявская Анна Александровна.

**№ 251 референдум учаскесі**  
Орналасқан жері: Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Бұланды ауылы, "Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының "Бұрабай" мемлекеттік ұлттық табиғат паркі" ММ Бұланды орманшылығының ғимараты, Дінмұхамед Қонаев көшесі, 1 ғимарат.  
тел: 8 (71639) 2-07-61

Учаскелік референдум комиссиясының құрамы: төрайымы - Смайлова Бикеш Сағиқызы; төрағаның орынбасары - Жақыпова Ботагөз Ертайқызы; хатшысы - Тұрысбаева Әсем Қанатқызы; комиссия мүшелері: Жүнісов Жанат Ғосманұлы, Жұмағожина Күлбарам Сәрсенқызы.

**№ 252 референдум учаскесі**  
Орналасқан жері: Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Мақпал ауылы, "Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімінің Мақпал ауылының негізгі орта мектебі" КММ ғимараты, Қарағайлы көшесі, 19 Құрылыс.  
тел: 8 (71639) 2-07-41

Учаскелік референдум комиссиясының құрамы: төрайымы - Тайшықова Жадыра Алпысбайқызы; төрағаның орынбасары - Рақымжанов Балғабай Балташұлы; хатшысы - Шарубаева Диана Қайратқызы; комиссия мүшелері: Құрмашева Әлия Ғаббасқызы, Данияров Жанат Оралбайұлы.

**№ 253 референдум учаскесі**  
Орналасқан жері: Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Қоғам ауылы, "Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімінің Қоғам ауылының Шаймерден Қосшығұлов атындағы жалпы білім беретін мектебі" КММ ғимараты, Ыбырай Алтынсарин көшесі, 1 құрылыс.  
тел: 8(71639) 2-02-15

Учаскелік референдум комиссиясының құрамы: төрайымы - Шәріпова Сәния Сайлаубекқызы; төрағаның орынбасары - Құрмашев Мұрат Ғаббасұлы; хатшысы - Бүркітбаева Алтын Қабдоллақызы; комиссия мүшелері: Өшкенов Аманжол Көшенбайұлы, Ташмағанбетов Талғат Амангелдіұлы.

**№ 254 референдум учаскесі**  
Орналасқан жері: Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Қаратал ауылы, "Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімінің Қаратал ауылының бастауыш мектебі" КММ ғимараты, Мағжан Жұмабаев көшесі, 1 құрылыс.  
тел: 8 (71639) 2-09-70

Учаскелік референдум комиссиясының құрамы: төрайымы - Хамина Гүлнар Қаденқызы; төрағаның орынбасары - Құдасов Төлеген Қазтайұлы; хатшысы-Екібасова Айнаш Ермекбайқызы; комиссия мүшелері: Аталықова Гүлзада Берікболқызы, Рақымов Жанзақ Хабдылханұлы.

**№ 255 референдум учаскесі**  
Орналасқан жері: Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Мамай ауылы, "Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімінің Мамай ауылының негізгі орта мектебі" КММ ғимараты, Шоқан Уәлиханов көшесі, 11 құрылыс.  
тел: 8(71639) 2-47-75

Учаскелік референдум комиссиясының құрамы: төрайымы - Рамазанова Самал Төлешқызы; төрағаның орынбасары - Хойчбай Ермұрат; хатшы-Нисмелъдинова Ақбаян

Бұхарбайқызы; комиссия мүшелері: Антаева Бибігүл Жанболатқызы, Төкенова Әлия Сағдатқызы.

**№ 256 референдум учаскесі**  
Орналасқан жері: Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Тасшалқар ауылы, "Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімінің Тасшалқар ауылының жалпы білім беретін мектебі" КММ ғимараты, Біржан сал көшесі, 7 а құрылыс.  
тел: 8 (71639) 3-02-72

Учаскелік референдум комиссиясының құрамы: төрайымы - Дюсембаева Ұлболсын Каиркешқызы; төрағаның орынбасары - Ненаустинов Антон Вадимович; хатшысы - Амандосова Элмира Зейноллақызы; комиссия мүшелері: Мамақов Қуандық Серікұлы, Сагитова Светлана Алексеевна.

**№ 257 референдум учаскесі**  
Орналасқан жері: Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Андықожа батыр ауылы, "Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім беру бөлімінің Андықожа батыр ауылының жалпы білім беретін мектебі" КММ ғимараты, Школьная көшесі, 1 құрылыс.  
тел: 8 (71639) 2-72-74

Учаскелік референдум комиссиясының құрамы: төрағасы - Бекбаев Нұрлан Мықтыбайұлы; төрағаның орынбасары - Смағұлова Гүлмира Қайырқызы; хатшысы - Рахметуллина Бақытжан Әулиқызы; комиссия мүшелері: Қайыржанова Анаргүл Қайыртақызы, Шаймерденова Миржан Амантайқызы.

**№ 258 референдум учаскесі**  
Орналасқан жері: Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Үлгі ауылы, "Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімінің Үлгі ауылының жалпы білім беретін мектебі" КММ ғимараты, Гарибжан Каримов көшесі, 6 ғимарат.  
тел: 8(71639) 2-52-00

Учаскелік референдум комиссиясының құрамы: төрайымы - Бекенова Алма Болатқызы; төрағаның орынбасары - Оралова Алтыншаш Қалымтақызы; хатшысы - Сұлтанғазина Әсем Бақытқызы; комиссия мүшелері: Әубәкірова Гүлнар Жұмажанқызы, Омарова Фархат Тәшенқызы.

**№ 259 референдум учаскесі**  
Орналасқан жері: Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Карловка ауылы, "Ақмола облысы білім басқармасы Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімінің Карловка ауылының бұрынғы Карловка бастауыш мектебінің ғимараты Приозерная көшесі, 5 құрылыс.  
тел: 8 (71639) 2-04-22

Учаскелік референдум комиссиясының құрамы: төрайымы - Жапарова Махфуза Шайқұлқызы; төрағаның орынбасары - Баймағанов Жәнібек Қайратұлы; хатшысы - Шәкенов Рүстем Қайратұлы; комиссия мүшелері: Жүзбаева Бақыт Кенжебайқызы, Амрин Амантай Олжабайұлы.

**№ 260 референдум учаскесі**  
Орналасқан жері: Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Қызылұйым ауылы, "Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімінің Қызылұйым ауылының негізгі орта мектебі" КММ ғимараты, Орталық көшесі, 8 құрылыс.  
тел: 8 (71639) 3-02-76

Учаскелік референдум комиссиясының құрамы: төрайымы - Ерубаева Ақбаян Каирбекқызы; төрағаның орынбасары - Игбаев Ержан Жұмабекұлы; хатшысы - Алғожина Раушан Төлегенқызы; комиссия мүшелері: Әубәкіров Исмағұл Рақымғалиұлы, Естаев Темірбай Темірханұлы.

**№ 261 референдум учаскесі**  
Орналасқан жері: Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Жөкей ауылы, "Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімінің Жөкей ауылының бастауыш мектебі" КММ ғимараты, Лесная көшесі, 5 құрылыс.  
тел: 8 (71639) 3-02-84

Учаскелік референдум комиссиясының құрамы: төрайымы - Кайданович Людмила Иосифовна; төрағаның орынбасары - Пилипчук Светлана Викторовна; хатшысы- Бабаева Айнұр Жексембайқызы; комиссия мүшелері: Бердалина Зулфия Болатжанқызы, Мельник Елена Васильевна.

**№ 262 референдум учаскесі**  
Орналасқан жері: Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Кеңащы ауылы, "Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімінің Кеңащы ауылының жалпы білім беретін мектебі" КММ ғимараты, Ақан сері көшесі, 33 құрылыс.  
тел: 8 (71639) 3-02-48

Учаскелік референдум комиссиясының құрамы: төрағасы - Мақұлов Уәлихан Темірханұлы; төрағаның орынбасары - Нұрмағамбетова Мәриям Мұхамбетдіқызы; хатшысы - Ерболат Адай; комиссия мүшелері: Әбілқалықова Жанар Елубайқызы, Мұхамеджанова Айнұр Қадырқызы.

**№ 263 референдум учаскесі**  
Орналасқан жері: Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Степняк қаласы, "Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім беру бөлімінің Степняк қаласының оқу-өндірістік комбинаты" КММ ғимараты, Симов-Гирей көшесі, 24 ғимарат.  
тел: 8 (71639) 2-12-29

Учаскелік референдум комиссиясының құрамы: төрайымы - Бапанова Жанар Иселбайқызы; төрағаның орынбасары - Натиева Динара Көпжасарқызы; хатшысы - Николаева Елена Борисовна; комиссия мүшелері: Шәкенова Зарина Қайратқызы, Усанова Жадыра Болатбекқызы.

**№ 264 референдум учаскесі**  
Орналасқан жері: Ақмола облысы Біржан сал ауданы дене шынықтыру жөне спорт бөлімінің "Балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" КММ ғимараты, Біржан сал көшесі, 81 құрылыс.  
тел: 8 (71639) 2-13-58

Учаскелік референдум комиссиясының құрамы: төрағасы - Истаев Арман Сапарғалиұлы; төрағаның орынбасары - Ерхатов Марат Тасболатұлы; хатшы - Шәкенова Анар Забенқызы; комиссия мүшелері: Әлжанов Диас Болатұлы, Жақсыбергенова Гүлмира Мұратбекқызы, Мұхамеджанова Саягүл Сатайқызы, Қазтаев Жолдасхан Төлеуханұлы.

**№ 265 референдум учаскесі**  
Орналасқан жері: Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Степняк қаласы, "Ақмола облысы Білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім беру бөлімінің Степняк қаласының №1 жалпы білім беретін мектебі" КММ ғимараты, Шоқан Уәлиханов көшесі, 24 құрылыс.  
тел: 8(71639) 2-16-86

Учаскелік референдум комиссиясының құрамы: төрайымы - Қабдуллина Эльмира Болатқызы; төрағаның орынбасары - Гладких Анатолий Владимирович; хатшысы - Шайсұлтанова Әсел Сарыбайқызы; комиссия мүшелері: Әменова Ақмарал Сағынбайқызы, Боранбаева Айгүл Негметжанқызы, Керейбаев Ардақ Сапарғалиұлы, Жұманова Майра Мақпанқызы.

**№ 266 референдум учаскесі**  
Орналасқан жері: Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Степняк қаласы, "Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімінің Абай атындағы №2 жалпы білім беретін мектеп" КММ ғимараты, Алпысбай Жақыпов көшесі, 1 құрылыс.

тел: 8 (71639) 2-21-28  
Учаскелік референдум комиссиясының құрамы: төрағасы - Әбуов Руслан Ғалымұлы; төрағаның орынбасары - Сыздықов Самат Сейсенұлы; хатшысы - Ахметова Жайнар Талғатқызы; комиссия мүшелері: Баженова Шолпан Ақанқызы, Сыздықова Күлжиян Сыздыққызы.

**№ 267 референдум учаскесі**  
Орналасқан жері: Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Степняк қаласы, Ақмола облысы Денсаулық сақтау басқармасы жанындағы "Біржан сал ауданының ауруханасы" ШЖҚ МКК ғимараты, Әбсәләм қажы көшесі, 34 құрылыс.  
тел: 8 (71639) 2-21-33

Учаскелік референдум комиссиясының құрамы: төрайымы - Смағұлова Майра Каирқызы; төрағаның орынбасары - Мадьярова Рамзия Ринатқызы; хатшысы - Шушаева Зәуреш Негматулқызы; комиссия мүшелері: Әменова Айгүл Қайратқызы, Қарамулдинова Баян Канапияқызы.

**№ 268 референдум учаскесі**  
Орналасқан жері: Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Уәлиханов ауылы, "Ақмола облысының Біржан сал ауданының Уәлиханов ауылдық округі әкімінің аппараты" ММ ғимараты, Ленин көшесі, 1 құрылыс.  
тел: 8 (71659) 3-13-19

Учаскелік референдум комиссиясының құрамы: төрайымы - Қыздарбекова Жанат Бокжанқызы; төрағаның орынбасары - Оспанова Қанат Құбайдоллақызы; хатшысы - Қапаева Әсемгүл Жетпісбайқызы; комиссия мүшелері: Комсомол Тамаша, Самбай Сара.

**№ 269 референдум учаскесі**  
Орналасқан жері: Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Ақсу ауылы, "Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімінің Ақсу ауылының негізгі орта мектебі" КММ ғимараты, Желтоқсан көшесі, 7 құрылыс.  
тел: 8 (71659) 2-11-10

Учаскелік референдум комиссиясының құрамы: төрайымы - Канафина Балгүл Қуандыққызы; төрағаның орынбасары - Сағындықова Қымбат Еслямқызы; хатшысы - Қырықбесова Гаухар Бақытжанқызы; комиссия мүшелері: Әлпейісов Сейлібек Әлібекұлы, Сәдуақасов Талғат Сексенұлы.

**№ 270 референдум учаскесі**  
Орналасқан жері: Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Еңбекшілдер ауылы, "Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім беру бөлімінің Еңбекшілдер ауылының жалпы білім беретін мектебі" КММ ғимараты, Орталық көшесі, 24 құрылыс.  
тел: 8 (71659) 2-08-30

Учаскелік референдум комиссиясының құрамы: төрайымы - Нұржасарова Айнагүл Мейрамбекқызы; төрағаның орынбасары - Уәлиева Әсемгүл Серікқызы; хатшысы - Ахметова Шолпан Мұратқызы; комиссия мүшелері: Зайытова Қымбат Кагиринқызы, Мағауова Жанар Базарбайқызы.

**№ 271 референдум учаскесі**  
Орналасқан жері: Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Алға ауылы, "Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімінің Алға ауылының негізгі орта мектебі" КММ ғимараты, Абылай хан көшесі, 11 құрылыс.  
тел: 8 (71659) 2-07-70

Учаскелік референдум комиссиясының құрамы: төрайымы - Қауданова Қымбат Қауданқызы; төрағаның орынбасары - Болатов Марат Олжабайұлы; хатшысы - Болатова Орынбасар Зейнуллинқызы; комиссия мүшелері: Арыстанов Ерлан Ғрағалиұлы, Бакенов Дулат Махметұлы.

**№ 272 референдум учаскесі**  
Орналасқан жері: Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Заозерное ауылы, "Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімінің Заозерное ауылының негізгі орта мектебі" КММ ғимараты, шағын аудан көшесі, 37 құрылыс.  
тел: 8 (71639) 2-55-60.

Учаскелік референдум комиссиясының құрамы: төрайымы - Құмарова Шолпан Сансызбайқызы; төрағаның орынбасары - Шеймерденова Ірімжан Аманжолқызы; хатшысы - Жужова Ольга Владимировна; Комиссия мүшелері: Құсайынова Әлия Қорқытқызы, Тихон Татьяна Владимировна.

**№ 273 референдум учаскесі**  
Орналасқан жері: Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Аңғал батыр ауылы, "Ақмола облысы Білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімінің Аңғал батыр ауылының жалпы білім беретін мектебі" КММ ғимараты, Жамбыл көшесі, 8 құрылыс.  
тел: 8 (71639) 2-60-35.

Учаскелік референдум комиссиясының құрамы: төрағасы - Шоқаев Нұрлан Қадырбекұлы; төрағаның орынбасары - Өзбекова Ләззат Қайырқызы; хатшысы - Өбілова Сәуле Сирамжанқызы; комиссия мүшелері: Әбдірахманова Айгүл Рахымқұлы, Попова Валентина Николаевна.

**№ 274 референдум учаскесі**  
Орналасқан жері: Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Баймырза ауылы, "Ақмола облысы Білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімінің Баймырза ауылының негізгі орта мектебі" КММ ғимараты, шағын аудан көшесі, 37 құрылыс.  
тел: 8 (71639) 2-66-09.

Учаскелік референдум комиссиясының құрамы: төрайымы - Хаметова Айгүл Калимжанқызы; төрағаның орынбасары - Кузнецов Юрий Геннадьевич; хатшысы - Агеева Екатерина Александровна; Комиссия мүшелері: Травкина Людмила Геннадьевна, Утыпов Рүстем Қаймақұлы.

**№ 275 референдум учаскесі**  
Орналасқан жері: Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Бірсуат ауылы, "Ақмола облысы Білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімінің Бірсуат ауылының жалпы білім беретін мектебі" КММ ғимараты, Нұрмағанов көшесі, 9 құрылыс.  
тел: 8 (71639) 2-61-14.

Учаскелік референдум комиссиясының құрамы: төрайымы - Садықова Мәриям; төрағаның орынбасары - Сыздықова Баян Қабылдолақызы; хатшысы - Қарақызова Айгүл Тәпешқызы; комиссия мүшелері: Құсайынова Гүлжамал Сайлауқызы, Төкенова Ләйле Аманжолқызы.

**№ 276 референдум учаскесі**  
Орналасқан жері: Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Сәуле ауылы, "Ақмола облысы Білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімінің Сәуле ауылының Шарапи Әлжанов атындағы жалпы білім беретін мектебі" КММ ғимараты, Ақан сері көшесі, 2 Б құрылыс  
тел: 8 (71639) 2-34-74.

Учаскелік референдум комиссиясының құрамы: төрайымы - Тілеуенова Марал Сайранқызы; төрағаның орынбасары - Әлжанов Жеңіс Анасұлы; хатшысы - Смағұлова Меруерт Амангелдіқызы; комиссия мүшелері: Долдашева Төлқын Қадырқызы, Темірғалиева Жұмабике Қамиқызы.

**Референдум комиссиясының жұмыс кестесі: күн сайын демалысыз сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін (учаскелік референдум комиссиялары 2022 жылғы 15 мамырдан бастап)**

**Біржан сал аудандық аумақтық референдум комиссиясы төрағасы Ө. ЖОМАРТОВ.**

# Ақмола облысы Біржан сал ауданының референдум учаскелерінің шекаралары, олардың орналасқан жерлері және аумақтық, учаскелік референдум комиссияларының құрамы және олардың жұмыс істеу уақыты туралы хабарлама

"Республикалық референдум туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 2 қарашадағы № 2592 Конституциялық Заңы 6-бабының 3-тармағына сәйкес және "2022 жылғы 5 маусымда республикалық референдум өткізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 5 мамырдағы №888 Жарлығына, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2022 жылғы 6 мамырдағы қаулысына сәйкес "2022 жылғы 5 маусымға тағайындалған республикалық референдумды дайындау мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың Күнтізбелік жоспарын бекіту туралы" №32/482 референдум учаскелерінің шекараларын хабарлаймыз, олардың тұрған жерлері мен аумақтық, учаскелік референдум комиссияларының құрамы және олардың жұмыс істеу уақыты.

**№ 246 референдум учаскесі**  
Орналасқан жері: Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Құдықағаш ауылы, "Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімінің Құдықағаш ауылының Рамазанов Елебаев атындағы жалпы білім беретін мектебі" КММ ғимараты Шәріпов көшесі, 20 құрылыс.

тел: 8 (71639) 2-00-26  
Шекарасы: Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Құдықағаш ауылы.

**№ 247 референдум учаскесі**  
Орналасқан жері: Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Заураловка ауылы, "Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімінің Заураловка ауылының негізгі орта мектебі" КММ ғимараты Болашақ көшесі, 19 құрылыс.

тел: 8 (71639) 2-63-24  
Шекарасы: Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Заураловка ауылы.

**№ 248 референдум учаскесі**  
Орналасқан жері: Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Яблоновка ауылы, "Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімінің Яблоновка ауылының негізгі орта мектебі" КММ ғимараты, Аталық көшесі, 13 құрылыс.

тел: 8 (71639) 3-02-77  
Шекарасы: Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Яблоновка ауылы.

**№ 249 референдум учаскесі**  
Орналасқан жері: Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Краснофлот ауылы, "Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімінің Краснофлот ауылының негізгі орта мектебі" КММ ғимараты Мектеп көшесі, 26 құрылыс.

тел: 8 (71639) 2-33-08  
Шекарасы: Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Краснофлотское ауылы.

